

## Жаңақала ауданы Мастексай ауылдық округінің Беркәлі қыстағы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Мастексай ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 мамырда № 3519 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Мастексай ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 7 шешімімен

**Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Мастексай ауылдық округі әкімінің 09.12.2014 № 7 шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жаңақала аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 112 ұсынысы негізінде және жануарлардың аса жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Жаңақала ауданы Мастексай ауылдық округінің Беркәлі қыстағы аумағында мүйізді ірі қара малынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*С. Мухамбетжанова*